

Қалалық мәслихаттың кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2020 жылғы 10 маусымдағы № 40/327 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 18 маусымда № 5885 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы", 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңдарына сәйкес қалалық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Қалалық мәслихаттың 2018 жылғы 30 наурыздағы №18/162 "Тіркелген салықтың бірыңғай ставкаларын белгілеу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілер мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4717 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкісінде 2018 жылғы 04 мамырда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Қалалық мәслихаттың 2018 жылғы 27 тамыздағы №22/198 "Қалалық мәслихатының 2018 жылғы 30 наурыздағы №18/162 "Тіркелген салықтың бірыңғай ставкаларын белгілеу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілер мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4961 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкісінде 2018 жылғы 10 қазанда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қалалық мәслихаттың 2018 жылғы 1 қарашадағы №23/206 "Қалалық мәслихатының 2018 жылғы 30 наурыздағы №18/162 "Тіркелген салықтың бірыңғай ставкаларын белгілеу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілер мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5009 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкісінде 2018 жылғы 04 желтоқсанда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

Сессия төрағасы

Қалалық мәслихат хатшысы

А. Сартаев

К. Тейлянов